



**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ – ТӘЖІРИБЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімі

**А.Ж.Уркимбаева
Л.Т.Табышева**

БІЗ ӨНЕГЕЛІ ҰЛАНБЫЗ

(әдістемелік құрал)



**Ақтөбе
2016**

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы бөлімінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде қарастырылып, баспаға ұсынылды.

Құрастырушылар:

А.Ж.Уркимбаева - №39 «Достық» МДҰ меңгерушісі

Л.Т.Табышева - №39 «Достық» МДҰ тәрбиешісі

Пікір берушілір:

М.Т.Мурзагулова – АОҒТО мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің әдіскері

А.А. Карабалина- Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің п.ғ.к.,доцент

Әдістемелік көмекші құралда ер балаларды отаншылдық сезімге, патриотизмге тәрбиелеу, ҚР мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарау, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік тәрбие құндылықтарын бағдарлама барысында жүзеге асыруда мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары мен тәрбиешілерінің жұмыстарына қажетті, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін қамтамасыз ететін материалдар ұсынылған.

Әдістемелік көмекші құрал мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне арналған.

КІРІСПЕ

Қазақ халқы жиырмамыншы ғасырдың бүкіл өнбойында өзге халықтар түсінде көрсе шошып оянардай қасіретті оқиғаларды бастан кешірді.

Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай алатын қайратына қайран қаламын.

Нұрсұлтан Назарбаев

Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050» Стратегиялық даму бағдарламасында «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деген сөзі бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Біздің алдымызда тұрған басты міндет – тәуелсіз Қазақстанның әр жас жеткіншегінің жүрегінде Отанына, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату. Сондықтан біз адамзаттық көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі жоғары отаншыл ұрпақ тәрбиелеп өсіруге аса көңіл бөлуіміз керек.

Жоғарыда аталған бағыттарды басшылыққа ала отырып, №39 «Достық» МДҰ-да балалардың бойында патриоттық тәрбие мен азаматтық сезімді қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуде. Егемендігіміз бен елдігіміздің кепілді тұрақтылығы мен заңдылығын сақтауда балабақшаның алатын орны ерекше. Болашақта елдің тізгінін ұстайтын бүгінгі жастарымыз. Сондықтан да еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан буынымыздың патриоттығына, отансүйгіштігіне байланысты болмақ. Берілген бағытта балаларды тәрбиелеу мақсатында қойылған талаптарға сәйкес өзін-өзі тану рухани адамгершілік бағдарламасымен жұмыс жүргізе отырып, бала бойына сүйіспеншілікті дамытып, ақиқатқа ұмтылуды, дұрыс әрекет жасауға баулу көзделеді. Еліміздің басына түскен қиын кезеңдерде елі үшін ерліктерімен танылған тарихи тұлғалардың жасаған ұлы істеріне тоқтала келіп, патриоттық тәрбиенің маңыздылығы балалардың бойында келесідей қасиеттерді қалыптастыру. Бұл Отанын сүю және азаматтығын мақтан тұту, өз Отанының болашағы үшін мамандығына сәйкес адал қызмет ету, ана тілін жетік меңгеру және оны қадірлеу, халқының салт-дәсүр ерекшеліктерін білу, дінге, тарихи мұраларға құрметпен қарау, өз отандастарына сондай-ақ, басқа ұлт өкілдеріне адамгершілік көзқарас білдіру. Кеудесіне «Бұл менің елім, менің жерім» дейтін сенім ұялата білген бала ғана өз елінің шынайы патриоты бола білмек. Ол үшін балалардың тәрбиесін басты мақсат етіп патриоттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлгеніміз жөн. Бұл патриоттық тәрбиенің маңызы балалардың қызығушылығын тудыра отырып, туған елін, жерін, халқын қорғауға деген ынта-жігерін арттыруға септігін тигізді деп ойлаймын. «Болашаққа жоспар

құрсаң – баланды тәрбиеле», – деп шығыс нақылында айтылғандай, жас ұрпақты патриоттық сезім негізінде тәрбиелесек, егеменді еліміздің көк байрағы көк аспанда мәңгілік желбіремек.

Мектеп жасына дейінгі балаларға жоғарыда айтылғандар негізінде «Жас ұлан» бағдарламасы /6-7жас/ мектепалды даярлау тобына арналып құрастырылып, оқу-тәрбие жұмысына енгізілген болатын. Бұл бағдарламаның мақсаты - балаларды отаншылдық сезімге тәрбиелеу. мектеп жасына дейінгі ер балаларды тәрбиелеу де Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, ҚР мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарау, жасұландарға рухани-адамгершілік қасиеттерін, моральдық-еріктік және психологиялық қасиеттерді дарыту. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік тәрбие құндылықтарын бағдарлама барысында жүзеге асыру.

Міндеттері:

- азаматтық жеке тұлғасын – Отанға деген патриоттық сезімге, туған жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- ұрпақтардың тарихи сабақтастығын қамтамасыз ету, ұлттық мәдениетті сақтау, тарату және дамыту, Қазақстан халықтарының тарихи және мәдени мұрасына ұқыпты көзқарасты тәрбиелеу;
- Отан қорғаушыларға, мемлекеттік нышандарға, мемлекеттік дәстүрлерге, қоғамдық мерекелерге деген құрметтеушілік көзқарасты тәрбиелеу;
- балаларды отбасы, туған үй, балабақша үшін жақсы істер, қоғамдық мәні бар тапсырмалар орындауға ынталандыру;
- кеңістікте бағдарлану шеберлігін дамыту: бірінің артынан бірі қатар, сап болып тұру, берілген сап түзеуді өздігінен орындау; дұрыс түрбітім қалыптастыру;
- ата-аналарды балаларды отаншылдыққа тәрбиелеуге өз елінің тарихын зерделеу арқылы бағдарлау;
- татулық пен жеке тұлға аралық қатынастарды қалыптастыру.
- өнімді қызметке арналған бейнелеу материалдары;
- дидактикалық ойындар;
- альбомдар, суреттер, қолдан жасалған бұйымдар көрмелері;
- ашық іс-шаралар өткізу үшін жағдайлар жасау (спорт және музыкалық залдары, серуендеуге арналған алаңдарды безендіру);
- Отаншылдық бағыттағы пәндік-дамытушы ортаны жасау.

Күтілетін нәтижелер:

- Отаншыл жеке тұлғаны тәрбиелеуге салтанатты мерекенің жаңа формасы
- « Біз-елімізді қорғаушылармыз! » ұйымдастырылады;
- балалар марштық музыка, отаншылдық әндер, біздің армияның сарбаздары, ҚР рәміздері туралы неғұрлым терең білім алады;
- ырғақ сезімі, қозғалыс арқылы музыка сипатын беру шеберлігі дамытылады;
- балаларда жеңіс туралы, армия туралы ұғым қалыптасады;
- туған елдің тарихы туралы қолжетімдік білімді меңгеру;

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Н.Назарбаев. «Тарих ағымдары» 2013ж
- 2.Б.Г.Каирбекова, Ш.Н.Каирғали, А.Н.Назарбаев. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік символдары. «Алматы» 2012ж
3. «Волшебное путешествие по стране Казакстан» «Шикула и К» 2011
4. Д.Бабаев Қазақстан тарихы. «Рауан» баспасы,1998 ж.
5. Д.Матайқызы. «Ұрпағым,саған айтам». «Алматы» 2010ж
6. К.Матыжан. Энциклопедия жинағы «Сен білесің бе?» «Алматы»2010 ж
- 7.«Мектепке даярлық» Республиканский научно-методический педагогический журнал. 2010-2014 ж.ж
- 8.М.Д.Маханева «Нравственно-патриотическое воспитание детей старшего дошкольного возраста». «Москва» 2012.
9. «Мен мақтан тұтам,Қазақстан!» «Алматы» 2011ж
10. О.Жанайдаров. «Менің елім-Қазақстан». «Алматы» 2010ж
11. «Отбасы және балабақша» журналдары 2010-2015 ж.ж
12. «Өнегелілік - отаншылдық тәрбие беру» «Алматы» 2012
- 13.СМ.Сәтімбекова. Ә.Әмірова.Ж.Сердалиева. «Сәбилердің сезімін тәрбиелеу» «Алматы» 2012ж
14. Энциклопедия. Ақтөбе. «Алматы» 2013ж

А.Ж.Уркимбаева

Л.Т.Табышева

БІЗ ӨНЕГЕЛІ ҰЛАНБЫЗ

(әдістемелік құрал)



Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының баспа бөлімінде автор ұсынған материалдар негізінде әдістемелік құрал дайындалып, жүйеге келтірілді.

Методическая разработка подготовлена и систематизирована на основе материалов автора в редакционном отделе Актюбинского областного научно-практического центра

Байланыс телефондары

8-7132-905809

8-7132-905811

e-mail:

oumc@inbox.ru

www.aktedu.kz